Көлік-логистика секторы (КЛС) – Қазақстан Республикасы экономикасының маңызды құрамдас бөлігі. Халықаралық логистика тұрғысынан Қазақстан Еуразия құрлығының қақ ортасында тиімді географиялық жағдайда тұр. Бұл Қазақстанға жүктердің Шығыс - Батыс және Солтүстік - Оңтүстік транзиттік бағыттарын іске асыра отырып, Азия мен Еуропа арасындағы байланыстырушы буын рөлін алуға перспективалар ашады. Көлік-логистика секторының (КЛС) қызметі ел үшін өте маңызды. Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық жүйесінде алдағы уақытта экономиканың өсу қарқынына теріс әсер етуі мүмкін бірқатар жүйелі проблемалар бар.

Зерттеуде авторлар көлік-логистикалық жүйелердің тұрақты даму факторларын жүйелеп, жақын арада көлік-логистикалық салаға әсер ететін тенденцияларды қарастырды. Елдің көлік инфрақұрылымының негізгі көрсеткіштері мен EMLI индексі арасындағы корреляциялық тәуелділікті анықтады, бұл өз нәтижелерін халықаралық тәжірибенің үздіктерімен салыстыруға бағдарланудың негізділігін растайды.

**Кілт сөздер:** көлік, көлік-логистикалық жүйе, логистикалық тиімділік индексі, көлік инфрақұрылымының көрсеткіштері, логистика, EMLI индексі, Қазақстан.

**Ключевые слова:** транспорт, транспортно-логистическая система, индекс эффективности логистики, показатели транспортной инфраструктуры, логистика, индекс EMLI, Казахстан.

**Keywords:** transport, transport and logistics system, logistics efficiency index, transport infrastructure indicators, logistics, index EMLI, Kazakhstan.

**JEL classifications:** L91

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта кез-келген елдің экономикалық өсуі мен өркендеуі көлік-логистикалық жүйенің (КЛЖ) жағдайына байланысты. Экономикалық әсерлер көбінесе көлік тораптары мен логистикалық орталықтардың тиімді жұмысымен анықталады [1].

Әр жылдары елдің көлік саласын дамыту мақсатында көлік жүйесі инфрақұрылымын дамыту және интеграциялаудың мемлекеттік бағдарламалары қабылданып, іске асырылды, 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік», Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі Тұжырымдамасы, «Күшті аймақтар – ел дамуының драйвері ұлттық жобасы.

Осы бағдарламалық құжаттар шеңберінде ұлттық жүк тасымалдаушылар мен жолаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру және дамыту үшін жағдайлар жасалды.

Жалпы, соңғы 15 жылда Қазақстан Республикасының көлік-логистикалық кешені мен транзиттік әлеуетін дамытуға 10 трлн теңгеден астам инвестиция салынды, бұл қазақстандық инфрақұрылымды жаһандық көлік-логистикалық ағындарға интеграциялауды жеделдетуге және жүктерді жеткізудің төмен құны мен жоғары жылдамдығын қамтамасыз ететін бәсекеге қабілетті жаңа транзиттік дәліздерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Іске асырылған бағдарламалар

шеңберінде салада 600 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. 2015-2021 жылдары көліктің барлық түрлерімен транзиттік тасымалдардың орташа жылдық өсімі 14,8 пайызды құрады, оның ішінде соңғы 3 жылда жыл сайынғы өсім 13,4 пайызды - ды құрады.

Қазақстан Республикасында жаңа буынның логистикалық орталықтарын дамыту перспективаларын айқындайтын аса маңызды факторларды Қазақстанда көлік-логистикалық жүйені дамытудың маңыздылығын ескере отырып, бағалау, қарастыру және талдау маңызды.

**Зерттеу әдістері.** КЛЖ-нің халықаралық стандарттарға сәйкестігі халықаралық индекстер мен рейтингтер бойынша бағаланады.

Логистиканың тиімділігі Logistics Performance Index, Дүниежүзілік Банктің LPI индексімен анықталады. Бұл көрсеткіш тауарларды жеткізудің ыңғайлылығын және ұлттық және халықаралық деңгейде сауда логистикасының жай-күйін бағалайды. Қазақстан 2018 жылы өз позициясын жақсартып, 160 елдің арасында 71-ші орынға ие болды. Бұл индекс екі жылда бір рет есептеледі, бірақ 2018 жылдан бастап бұл рейтинг жүргізілмеді [2].

Қазақстан Республикасындағы логистикалық нарықтың қарқынды және сенімді өсуін атап өту қажет. 2020 жылдың соңында ҚР-да 6000-нан астам КЛЖ болды, негізінен бұл компаниялардың барлығы Алматы қаласында орналасқан. Негізінен бизнесті шағын коммерциялық компаниялар, тар, нақты логистикалық операцияларға маманданған жеке кәсіпкерлер ұсынады [3].

Қазақстан халқын тауарларды сақтау орындарымен қамтамасыз ету коэффициенті бойынша 1000 тұрғынға шаққанда Қазақстан еуропалық көрсеткіштерден 2 есе дерлік артта қалды - 227 м<sup>2</sup> (Еуропада 420 м<sup>2</sup>). Айырмашылық объективті себептерге – сауда көлемінің аздығына және Қазақстандағы халықтың тығыздығының аздығына байланысты деп есептеледі. Қазақстандық нарықта 8 млн.м<sup>2</sup> жуық қойма үй-жайларының әлеуеті бар.

Ақпараттық технологиялар логистикадағы қағазсыз құжат айналымына көшуді қамтамасыз етуі, логистикалық орталық процестерінің кешенді мониторингін, сондай-ақ логистикалық инфрақұрылым объектілерінің жай-күйін қамтамасыз етуі тиіс деп болжанады. Қазіргі заманғы логистикалық жүйелердегі басты қозғаушы күш жоғары тиімді көлік пен клиенттерге қызмет көрсету бойынша логистикалық технологияларға деген қажеттілік болып табылады.

**Әдебиеттік шолу.** Тасымалдау мен жүк айналымының көлемін ұлғайту, көлікті қарқынды пайдалану көлік-логистикалық жүйелерді тұрақты дамыту және осы жүйелердің тұрақтылығына әсер ететін факторларды анықтау міндетін өзекті етеді.

Көлік-логистикалық жүйенің кешенді дамуының теориялық және әдістемелік мәселелері В. Cetinkaya, R. Cuthbertson, G. Ewer [4], Savin G. [5] еңбектерінде көрініс тапты. "Жасыл" логистика мәселелерімен Журавская М.А. [6], A. McKinnon, M. Browne, A. Whiteing, M. Piesyk [7] айналысқан.

Қазақстандық логистика мен оның сауда серіктестерінің аспектілерін отандық ғалымдар Б. Сыздықбаева, Т. Абылайханова зерттеді. [8].

Жұмыста логистиканың, көлік инфрақұрылымының, байланыс жолдары тиімділігінің әртүрлі зерттеулері мен даму рейтингтері пайдаланылды [8].

Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді талдау көлік-логистикалық жүйелердің тұрақты даму факторларын жүйелеуге мүмкіндік берді. Оларға келесі факторлар кіреді:

- стратегия, ауди, корпоративтік ақпараттық жүйелер
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- шикізат және материалдар
- шикізат пен материалдарды сатып алу көлемі мен жүйесі
- энергияны және ресурстарды үнемдейтін үнемдеу технологиялары
- қойма түрі, энергияны үнемдейтін технологиялар
- маркетинг, тарату арналары
- қайтарымды және кері ағындарды басқару жүйесі, т.б.


Жұмыста ұсынылатын көлік-логистикалық жүйенің жекелеген элементтерінің де, тұтастай алғанда жүйенің де тұрақты дамуына әсер ететін факторларды пайдалану тұрақты даму қағидаттарына сәйкестікке жеткізу тізбектерін кешенді бағалауға, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге ықпал ететін құралдар мен әдістерді әзірлеуге және қолдануға мүмкіндік береді.

Авторлар ұсынған жеткізу тізбегінің тұрақты даму факторларының жүйесі көлік-логистикалық қызметті бағалау критерийлері мен көрсеткіштерін әзірлеу үшін негіз болып табылады. Көлік-логистикалық жүйелерді жобалау және жұмыс істеу процесінде анықталған факторларды есепке алу

жеткізу тізбектерін тұрақты даму қағидаттарына сәйкестікке бағалауға, логистикалық жүйелердің жұмыс істеу тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

**Негізгі бөлім.** Қолжетімді деректерге сүйене отырып, Қазақстанның логистикалық жүйесінің әлемдік рейтингтердегі орнын талдаймыз. Халықаралық тәжірибеде КЛЖ тиімділігі рейтингтермен бағаланады:

- 1) Logistics Performance Index (LPI) (1-сурет);
- 2) «Инфрақұрылым» компонентіндегі жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі;
- 3) Дамушы нарықтардың логистикалық индексі.



1-сурет. Қазақстанның LPI көрсеткіштерінің серпіні, 2012-2018 жж.\*

\* [2] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Сондай-ақ, логистикалық жүйенің деңгейі «Инфрақұрылым» компонентіндегі бәсекеге қабілеттіліктің жаһандық индексімен 2020 жылға дейін бағаланды [9].

Инфрақұрылымды дамыту 1989 жылдан бері жарияланып келе жатқан IMD World Competitiveness Yearbook (WCY) жыл сайынғы рейтингінде де қарастырылуда. Қазақстан 2018-2022 жылдар ішінде өз позициясын 42 орыннан 46 орынға дейін төмендетті (1-кесте).

Сондай-ақ, елдегі логистикалық инфрақұрылымның жай-күйі дамушы нарықтар логистикасының индексі бойынша бағаланады (индекске 50 ел кіреді) (EMLI, Emerging Market Logistics Index), ол 2010 жылы британдық «Transport Intelligence» зерттеу институтымен [10] құрылған.

1-кесте

Қазақстанның IMD World Competitiveness Yearbook (WCY) рейтингіндегі орны, «Infrastructure» субиндексі, 2018-2022 жж.\*

Көрсеткіш	2018	2019	2020	2021	2022
Жалпы рейтинг бойынша	38	34	42	35	43
4. Инфрақұрылым	42	43	51	47	46

\* [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Жаңартылған мағынада EMLI индексі болашақта мүмкіндіктер мен әлеуетті нарықтық ұсыныстарды өлшеуге мүмкіндік береді. Қазақстанның EMLI индексі рейтингіндегі орны 2017 жылға дейін тұрақты түрде өсті (2-кесте). Содан кейін басқа елдердің бәсекелестік позицияларының нығаюына байланысты біршама төмендеу байқалды.

Алайда, 2018 жылы Қазақстанның жалпы рейтингте де, индекс деңгейі бойынша да позицияларының төмендеуі байқалады, бұл әлемдік логистикалық нарықтағы бәсекелестіктің шиеленісуін, ұлттық логистикалық инфрақұрылымды дамыту арқылы елдердің неғұрлым тартымды серіктес болуға ұмтылысын көрсетеді. Транзиттік жүк ағындары Қазақстанның көлік жүйесіне

көшуі үшін, біріншіден, отандық көлік-логистикалық жүйелер мен инфрақұрылымды дамытудың жалпы деңгейін едәуір арттыру, КЛЮ-ды дамыту арқылы Қазақстандағы автомобиль жолдарының өткізу қабілетін жаңғырту және едәуір кеңейту, сондай-ақ көлік тарифтерінің ашықтығын және оларды бақылау мен реттеу тетігін қамтамасыз ету қажет [11].

2-кесте

**Қазақстанның Agility Emerging Markets рейтингіндегі көрсеткіштері, 2012-2023 жж.\***

Жыл	Рейтингтегі орны	EMLI индексі	Субиндекстер						
			Нарықтың ауқымы және оның даму тенденциялары	Нарықтың үйлесімділігі	Көлік байланысын жетілдіру	Ішкі логистикалық мүмкіндіктер	Халықаралық логистикалық мүмкіндіктер	Бизнес негіздері	Цифрлық технологияларға жалпы дайындық
2012	25	4,55	4,03	5,76	4,62	-	-	-	-
2013	18	4,99	4,36	6,60	5,00	-	-	-	-
2014	16	5,07	4,47	6,62	4,99	-	-	-	-
2015	6	5,08	4,50	6,47	5,03	-	-	-	-
2016	5	5,28	4,60	6,94	5,14	-	-	-	-
2017	14	5,60	4,81	6,95	5,80	-	-	-	-
2018	20	5,41	4,60	6,91	5,52	-	-	-	-
2019	22	4,91	-	-	-	4,78	4,70	5,83	-
2020	21	5,03	-	-	-	4,73	4,68	6,39	-
2021	22	5,01	-	-	-	4,69	4,73	6,24	-
2022	22	4,97	-	-	-	4,67	4,70	6,20	4,93
2023	22	4,99	-	-	-	4,66	4,66	6,19	5,10

\* [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Талқылау. Осы рейтингтер нәтижелерінің өзектілігін айқындау мақсатында индекс пен 2012-2021 жылдардағы Қазақстанның көлік жүйесін дамытудың аса маңызды көрсеткіштері арасындағы корреляциялық тәуелділік айқындалды.

Корреляциялық талдау үшін бастапқы деректер ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының ашық деректерінен алынған (3-кесте).

3-кесте

**Корреляциялық талдау үшін бастапқы деректер\***

Жыл	EMLI индексі	Жолаушылар айналымы, млн. жолаушы-км	Жүк айналымы, млрд. т.км	Көлік түрлері бойынша негізгі капиталға инвестициялар, млн теңге	Жүктерді тасымалдау, млн тонна	Темір жолдардың ұзындығы, км	Автожолдардың ұзындығы, км	Магистральдық құбырлардың ұзындығы, км	Су кеме қатынасы жолдарының ұзындығы, км
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2012	4,55	213 036	478,0	660 891	3 231,8	15 333	97 418,0	20 238,1	4 150,9
2013	4,99	235 738	495,4	963 170	3 508,0	15 341	96 873,0	20 238,1	4 150,9
2014	5,07	246 959	554,9	639 336	3 749,8	15 341	96 421,0	23 196,4	4 150,9
2015	5,08	251 251	546,3	557 231	3 733,8	15 341	96 529,0	23 275,7	4 150,9
2016	5,28	266 784	518,6	557 231	3 729,2	16 104	96 353,0	23 271,0	4 150,9
2017	5,60	273 193	564,0	659 821	3 946,1	16 614,3	95 409,6	23 268,4	4 150,9
2018	5,41	281 484	609,5	783 883	4 103,8	16 634,8	96 245,7	23 334,3	4 080,9



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
2019	4,91	295 517	597,6	564 350	4 222,7	16 634,8	95 629,0	23 438,8	4 106,1
2020	5,03	108 711	584,0	579 744	3 944,8	16 636,7	95 767,8	23 445,0	3 533,3
2021	5,01	107 759	607,7	710 658	4 013,7	16 579,6	95 443,0	27 437,1	2 169,3

\* [12] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қол жетімді статистикалық ақпарат негізінде PSPP пакетін қолдана отырып, статистикалық талдау әдістерімен EMLI логистика индексіне факторлардың әсерін зерттеу жүргізілді.

Әрі қарай бағалау үшін EMLI-мен байланысты 5 айнымалыны анықтауға мүмкіндік беретін корреляциялық матрица құрылды (кесте 4).

4-кесте

#### EMLI-мен байланысты айнымалылар\*

Көрсеткіштер	Корреляция коэффициенті
Жолаушылар айналымы, млн. жолаушы-км	0,472
Жүк айналымы, млрд. ткм	0,409
Жүктерді тасымалдау, млн тонна	0,518
Автожолдардың ұзындығы, км	-0,535
Магистральдық құбырлардың ұзындығы, км	0,309

\* Авторлармен құрастырылған

Тәуелсіз айнымалылардың (X) өзгеруінің логистикалық индекске (Y) әсер ету дәрежесін анықтау үшін жұптық сызықтық регрессия әдісі қолданылды (кесте 5).

5-кесте

#### Жұптық регрессия моделінің параметрлері\*

Айнымалылар	R square	B
Жолаушылар айналымы, млн. жолаушы-км	0,472	1,44
Жүк айналымы, млрд. ткм	0,409	0,002
Жүк айналымы, млрд. ткм	0,518	0,0005
Автожолдардың ұзындығы, км	-0,535	0,0002
Магистральдық құбырлардың ұзындығы, км	0,309	0,000045

\* Авторлармен құрастырылған

Модельдеу нәтижесінде жұптық регрессияның келесі теңдеулері алынды:

$Y = 4,76 + 1,44X$ , мұндағы X-жолаушылар айналымының көлемі

$Y = 3,684 + 0,002X$ , мұндағы X – жүк айналымының көлемі

$Y = 3,155 + 0,0005X$ , мұндағы X – жүктерді тасымалдау көлемі

$Y = 27,78 - 0,0002X$ , мұндағы X-автожолдардың ұзындығы

$Y = 4,06 + 0,000045X$ , мұндағы X – магистральдық құбырлардың ұзындығы

Зерттеу барысында логистика индексіне жүктерді тасымалдау (корреляция коэффициенті – 0,518), автожолдардың ұзындығы (корреляция коэффициенті – 0,535), жолаушылар айналымының көлемі (корреляция коэффициенті – 0,472) сияқты факторлар барынша әсер ететіні анықталды.

Аталған көрсеткіштерді жақсарту арқылы берілген рейтингтік көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

PwC компаниясының талдауына сәйкес, жақын арада көлік-логистика саласына негізгі әсер ететін 5 негізгі фактор болады (PwC):

1. цифрландыру;
2. халықаралық саудадағы өзгерістер;
3. жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізуге байланысты негізгі процестердегі өзгерістер;
4. ішкі нарықтардың динамикасын өзгерту;
5. жаңа техниканы енгізуге байланысты негізгі процестердегі өзгерістер.

1. Цифрландыру қазірдің өзінде көлік пен логистикаға ең күшті әсер етеді. Жаңа технологиялар таныс өндірістік, әкімшілік және коммерциялық процестерді цифрлық ортаға аударады, бұл жаңа бизнес-модельдер жасауға мүмкіндік береді.

2. Орта мерзімді перспективада көлік пен логистикаға негізгі әсер Қытайдан ЕО елдеріне теміржол тасымалы көлемінің өсуі болады. Бұл жаңа инвестициялық жобалардың пайда болуын және жаңа маршруттардың дамуын алдын-ала анықтайды. Көлік компаниялары үшін ынталандыру «Бір белдеу-бір жол» жобасына инвестициялар болуы тиіс. Бұл қатынас жолдарын жаңғыртуға, тасымалдау шығындарын төмендетуге және қызметтердің жаңа түрлерін дамытуға әкеледі деп болжануда.

3. Негізгі технологиялар мен бағдарламалық шешімдерді дамыту бизнесті жаңа артықшылықтармен қамтамасыз ете отырып, көлік-логистика саласына барған сайын әсер ететін болады. Уақыт бойынша әр түрлі перспективада мыналар жетекші болады:

- интеллектуалды көлік жүйелері;
- бизнес-процестерді роботтандыру (RPA);
- алдын алу үшін техникалық қызмет көрсету, дрондармен қадағалау және бақылау;
- блокчейн шешімдері;
- жасанды интеллект негізіндегі шешімдер.

4. Көлік-логистикалық компаниялар өндірушілермен, жеткізушілермен, іргелес ойыншылармен және тіпті бәсекелестермен ынтымақтастықтың үлкен деңгейін талап етеді. Жаңа интеграциялық тізбектердің жақын арада дамуы бірігу мен жұтып алудың артуына, кейбір шоғырландырылған альянстарға әкеледі. Тек осылай ғана сала уақыт талаптарына жауап бере алады. Артта қалмау үшін компаниялар өз жұмысында келесі бағыттарды күшейтуі керек:

- онлайн-сауданы дамыту;
- өз логистикасына инвестиция салу;
- онлайн-коммерцияға арналған арнайы курьерлік шешімдер (СЕР-Courier, Express and Parcel);
- ортақ тұтыну экономикасы қағидаттарына негізделген шешімдер;
- логистиканы шоғырландыру.

5. Жұмысты автоматтандыруға және бизнестің тиімділігін арттыруға көмектесетін бағыттар:

- роботтандыру;
- электромобильділік;
- виртуалды және толықтырылған шындық жүйелері (ВШ және ТШ);
- жоғары жылдамдықты теміржол магистральдары;
- «соңғы миль» учаскесінде жеткізуді оңтайландыру.

**Қорытынды.** Аталған факторлар тұтастай алғанда көлік-логистикалық жүйеге айтарлықтай әсер ететіні анық. Қызмет ауқымына және қатысу аймағына қарамастан, көлік қызметкерлері инновацияларға, жаңа технологияларға, автоматтандыруға мұқият назар аударуы керек және табысты бизнестің кепілі болып табылатын шешімдерге қаражат жұмсаудан қорықпауы керек.

Қазақстан Республикасының жаһандық логистикалық жобаларға қатысушысы ретінде өзін Орталық Азияның тиімді дамып келе жатқан транзиттік хабы ретінде көрсетуге мүмкіндіктері бар. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында логистикалық нарықты дамыту үшін қолайлы жағдайлар қалыптасқан. Алға қойылған мемлекеттік даму міндеттерін орындау үшін көлік-логистикалық жүйені жаңғырту маңызды. Қазіргі уақытта экономиканың көлік-логистикалық секторында қалыптасқан қолайлы нарықтық жағдайлар нарыққа қатысушыларды осы мүмкіндікті жіберіп алмау үшін белсенді дамуға мәжбүр етеді.

*Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім Министрлігінің ғылым Комитеті қаржыландырды (грант № AP19677634).*

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kongkiatpaiboon S. Logistics improvement: A case study of automotive part distribution // International Scientific Journal of Engineering and Technology (Isjet). – 2019. – №1(1). – P. 31-35.
2. LPI Aggregated Rankings. The World Bank [Electronic resource]. – URL: <https://lpi.worldbank.org/international/aggregated-ranking>.
3. Ерғобек Д.К., Ахметова З.Б., Мұса Қ.А., Ыдырыс С.С. Факторный анализ перспектив развития логистических центров нового поколения в Республике Казахстан // Вестник КазАТК. – 2022. – № 4 (123). – С. 123-133.
4. Sustainable Supply Chain Management: Practical Ideas for Moving Towards Best Practice / Edited by B. Cetinkaya, R. Cuthbertson, G. Ewer et al. – Springer-Verlag Berlin Heidelberg, 2011. – 283 p.

5. Savin G. Development Of Transportation And Logistics Systems In Digitalization And Intellectualization. Competitiveness and the Development of Socio-Economic Systems. – European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2021. – vol. 105. – P. 747-756.
6. Журавская М.А. «Зелёная» логистика – стратегия успеха в развитии современного транспорта // Вестник Уральского государственного университета путей сообщения. – 2015. – №1(25). – С. 38-48.
7. Green Logistics: Improving the Environmental Sustainability of Logistics. Third edition / Edited by A. McKinnon, M. Browne, A. Whiteing, M. Piecyk. – Kogan Page Limited, 2015. – 426 p.
8. Raimbekov Zh., Syzdykbayeva B., Abylaikhanova T. International Trade and Logistics of Kazakhstan and Its Trading Partners: Contribution to Economic Growth and Distribution of Trade Flows // Journal of Distribution Science. – 2023. – Vol. 21(9). – P. 67-79.
9. World Competitiveness Ranking [Electronic resource]. – URL: <https://www.imd.org/centers/world-competitiveness-center/rankings/world-competitiveness/>.
10. Agility Emerging Markets Indices [Electronic resource]. – URL: <https://www.agility.com/en/emerging-markets-logistics-index/downloads/>.
11. Тлеубердинова А.Т. Логистическая система Казахстана в мировом рейтинге // Вестник университета «Туран». – 2020. – № 3(87). – С. 59-64.
12. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросының мәліметтері [Электронды ресурс]. – 2023. – URL: <https://www.stat.gov.kz/>.

## REFERENCES

1. Kongkiatpaiboon S. Logistics improvement: A case study of automotive part distribution // International Scientific Journal of Engineering and Technology (Isjet). – 2019. – №1(1). – P. 31-35.
2. LPI Aggregated Rankings. The World Bank [Electronic resource]. – URL: <https://lpi.worldbank.org/international/aggregated-ranking>.
3. Ergobek D., Akhmetova Z., Musa K., Ydyrys S. Faktornyj analiz perspektiv razvitiya logisticheskikh centrov novogo pokoleniya v Respublike Kazahstan [Factor analysis of the prospects for the development of new generation logistics centers in the Republic of Kazakhstan] // The Bulletin of KazATC. – 2022. – № 4 (123). – P. 123-133 [in Russian].
4. Sustainable Supply Chain Management: Practical Ideas for Moving Towards Best Practice / Edited by B. Cetinkaya, R. Cuthbertson, G. Ewer et al. – Springer-Verlag Berlin Heidelberg, 2011. – 283 p.
5. Savin G. Development Of Transportation And Logistics Systems In Digitalization And Intellectualization. Competitiveness and the Development of Socio-Economic Systems. – European Proceedings of Social and Behavioural Sciences. – 2021. – vol. 105. – P. 747-756.
6. Zhuravskaya M.A. «Zelyonaya» logistika - strategiya uspekha v razvitii sovremennogo transporta [«Green» logistics - a strategy for success in the development of modern transport] // Bulletin of the Ural State University of Communications. – 2015. – № 1(25). – P. 38-48 [in Russian].
7. Green Logistics: Improving the Environmental Sustainability of Logistics. Third edition / Edited by A. McKinnon, M. Browne, A. Whiteing, M. Piecyk. – Kogan Page Limited, 2015. – 426 p.
8. Raimbekov Zh., Syzdykbayeva B., Abylaikhanova T. International Trade and Logistics of Kazakhstan and Its Trading Partners: Contribution to Economic Growth and Distribution of Trade Flows // Journal of Distribution Science. – 2023. – Vol. 21(9). – P. 67-79.
9. World Competitiveness Ranking [Electronic resource]. – URL: <https://www.imd.org/centers/world-competitiveness-center/rankings/world-competitiveness/>.
10. Agility Emerging Markets Indices [Electronic resource]. – URL: <https://www.agility.com/en/emerging-markets-logistics-index/downloads/>.
11. Тлеубердинова А.Т. Логистическая система Казахстана в мировом рейтинге [Logistics system of Kazakhstan in the world ranking] // The Bulletin of the University «Turan». – 2020. – № 3(87). – S. 59-64 [in Russian].
12. Qazaqstan Respublikasynyn Strategialyq josparlau jane reformalar agenttigi. Ulttyq statistika burosynyn malimetteri [Agency of Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Data from the National Bureau of Statistics] [Elektronды resurs]. – 2023. – URL: <https://www.stat.gov.kz/> [in Kazakh].

Рахметулина А.А., Раимбеков Ж.С., Кулмаганбетова А.С.

## РАЗВИТИЕ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ КАЗАХСТАНА

### Аннотация

В статье представлен анализ транспортно-логистической системы Республики Казахстан. Проанализированы позиции Казахстана в мировых рейтингах. В работе использован метод корреляционного анализа между рейтинговыми показателями логистики в Казахстане и статистическими метриками транспортно-логистической системы Республики Казахстан.

Транспортно-логистический сектор (ТЛС) – важнейшая составляющая экономики РК. С точки зрения международной логистики Казахстан находится в выгодном географическом положении в самом центре Евразийского континента. Это открывает перспективы Казахстану брать на себя роль связующего звена между Азией и Европой, реализуя транзитные направления грузов Восток - Запад и Север - Юг. Деятельность ТЛС очень важна для страны. В транспортно-логистической системе Казахстана есть ряд системных проблем, которые в дальнейшем могут негативно повлиять на темпы роста экономики.

В исследовании авторы систематизировали факторы устойчивого развития транспортно-логистических систем, рассмотрели тенденции, которые окажут влияние на транспортно-логистическую отрасль в ближайшем будущем. Выявили корреляционную зависимость между основными показателями транспортной инфраструктуры страны и индексом EMLI, что подтверждает обоснованность ориентированности на сопоставление собственных результатов с лучшими из международной практики.

**Rakhmetulina A., Raimbekov Zh., Kulmaganbetova A.**

## DEVELOPMENT OF THE TRANSPORT AND LOGISTICS SYSTEM OF KAZAKHSTAN

### Annotation

The article presents an analysis of the transport and logistics system of the Republic of Kazakhstan. The positions of Kazakhstan in the world rankings (Logistics Performance Index, Transport infrastructure/The Global Competitiveness Index, Emerging Market Logistics Index) are analyzed. The paper uses the method of correlation analysis between the rating indicators of logistics in Kazakhstan and statistical metrics of the transport and logistics system of the Republic of Kazakhstan.

The transport and logistics sector (TLC) is the most important component of the economy of the Republic of Kazakhstan. From the point of view of international logistics, Kazakhstan is in an advantageous geographical position in the very center of the Eurasian continent. This opens up prospects for Kazakhstan to take on the role of a link between Asia and Europe, implementing East-West and North-South cargo transit routes. The activity of the TLC is very important for the country. There are a number of systemic problems in the transport and logistics system of Kazakhstan, which may negatively affect the growth rates of the economy in the future.

In the study, the authors systematized the factors of sustainable development of transport and logistics systems, also considered the trends that will affect the transport and logistics industry in the near future. The correlation between the main indicators of the country's transport infrastructure and the EMLI index was revealed, which confirms the validity of the focus on comparing our own results with the best of international practice



Б.А. Ауезова\*, PhD докторанты<sup>1</sup>

С.Б. Мақыш, д.э.н., академик<sup>1</sup>

А.Б. Алибекова, PhD, доцент м.а.<sup>1</sup>

Д.Д. Керимкулова, магистр, аға оқытушы<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Астана қ., Қазақстан<sup>1</sup>

Esil university, Астана қ., Қазақстан<sup>2</sup>

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: bahyt2407@gmail.com

## ИНФРАСТРУКТУРАНЫ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БЮДЖЕТТІК ҚАРАЖАТТЫҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫНА ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТИІМДІЛІК АУДИТІ

*Инфрақұрылым – бұл белгілі бір құрылымның немесе жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін көмекші сипаттағы экономика саласы. Нақтырақ айтқанда, бұл халықтың өмір сүру сапасы мен жағдайын жақсартатын жүйе.*

*Инфрақұрылым тек қажет жағдайлар жасайтынына қарамастан, экономиканың дамуында маңызды рөл атқарады және экономикалық өсу мүмкіндіктерін кеңейтеді.*

*Дамыған инфрақұрылым елдің экономикалық және әлеуметтік саясатын жеделдетуге ықпал етеді. Сондықтан, басқа дамыған шет елдеріндегідей, біздің елімізде де инфрақұрылымды дамыту мен жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылады.*

*Сонымен қатар, «Қазақстан - 2030» Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» және «Қазақстан - 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауларында Еліміздің басым мақсаттарының бірі ретінде Инфрақұрылымды дамыту ерекше атап өтілген. Осыған байланысты әр түрлі мемлекеттік және салалық бағдарламалар әзірленді, соның ішінде ең ауқымдылары болып Инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» және Тұрғын үй-коммуналдық дамудың «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламалары болып табылды.*

*Қазіргі уақытта инфрақұрылымды дамытуға бюджет қаражатының елеулі сомасы бөлінуде. Бұл елдің инфрақұрылымдық дамуына бағытталған қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру қажеттігін айқындайды. Осыған байланысты, Жоғары аудиторлық палата «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуына тиімділік аудитін жүргізді. Аудиторлық қорытынды нәтижелері негізінде бюджет қаражатын тиімді пайдалануға және нәтижелілікті арттыруға кедергі келтіретін бірқатар проблемаларды анықталды.*

*Мақалада осы проблемаларды талдау барысында негізгі мәселелер қарастырылды және оларды шешу жолдарын ұсыну жүзеге асырылды. Сонымен қатар инфрақұрылымдық дамытуға бағытталған бюджет қаражатына тиімділік аудитін жүргізу жүйесін кешенді жетілдіру моделі тұжырымдалды.*

**Кілт сөздер:** Мемлекеттік бағдарлама, Ұлттық жоба, инфрақұрылым, жетілдіру, аудиторлық қорытынды, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі, әдістеме, бюджеттік қаражат, Жоғары аудиторлық палата, көрсеткіш.

**Ключевые слова:** Государственная программа, Национальный проект, инфраструктура, совершенствование, аудиторское заключение, Система государственного планирования, методология, бюджетные средства, Высшая аудиторская палата, показатель.

**Keywords:** State program, National project, infrastructure, improvement, audit report, State planning system, methodology, budget funds, Supreme Audit Chamber, indicator.

**JEL classifications:** H53, H83, H89

**Кіріспе.** Инфрақұрылым (латынша *infra* – төмен, астында және *structura* – орналасу, құрылым) қоғамның экономикалық, әлеуметтік, экология және басқа да салаларының қалыпты жұмыс істеуін және жалпы жағдайын қамтамасыз ететін нақты нысандардың, әдістер мен процестердің, сондай-ақ құрылыстардың, ғимараттардың, коммуникациялардың барлық түрлерінің жиынтығы.

80-ші жылдардың басынан бастап инфрақұрылымға инвестициялаудың қандай экономикалық әсер әкелетіндігін, оның экономикаға әсері қандай екендігін анықтауға тырысты, соның негізінде инфрақұрылымдық қуаттылықтың өсуі мен экономикалық даму арасындағы даусыз байланысты анықтады [1].

Экономисттердің зерттеулерінде инфрақұрылымды дамытудың экономикаға оң әсері байқалады. Мәселен, Асчауэр Д.А. «жолдар неғұрлым жақсы болса, соғұрлым апаттар аз болады,

осылайша қоғамдық қауіпсіздік артады», «сумен жабдықтау жүйелерін жетілдіріп, санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту мен тұрмыстық қалдықтарды жоюды ұйымдастыру арқылы адамдардың денсаулықтары жақсарады» деген пікірлерді айтқан болатын [2].

Елдің дамыған инфрақұрылымы қоғамның өмір сүру деңгейі мен өндірістің белсенді және үздіксіз жетілдірілуіне ықпал етеді, нәтижесінде мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясаты жеделдетіледі. Елдегі инфрақұрылым ұлттық экономикалық механизмды біртұтас біріктіріп, қоғамды экономикалық және әлеуметтік мағынада үйлестіреді.

1997 жылдың өзінде тұңғыш президент Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» жолдауында Ұзақмерзімді басым мақсаттарының бірі етіп Инфрақұрылымды, әсіресе көлік пен байланысты қойды, сонымен қатар: «Экономиканың бірнеше секторы бар: табиғи ресурстарды әзірлеу, инфрақұрылым, коммуникация және ақпарат, - біздің еліміз үшін тұрақты маңызы бар» - деп атап өтті [3].

2012 жылы 14 желтоқсанда бекітілген ««Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауында келесіні белгіледі:

Инфрақұрылым экономикалық өсудің мүмкіндіктерін кеңейту қажет. Инфрақұрылымды екі бағытта дамыту қажет: ұлттық экономиканы жаһандық ортаға интеграциялау, сондай-ақ елдің ішіндегі аймақтарға жылжу [4].

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасында инфрақұрылымды дамыту мен жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударылған, инфрақұрылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар және Ұлттық жоба әзірленген.

Біздің елімізде бағдарламалық-мақсатты басқару белсенді енгізіліп жатқандықтан, 2023 жылға дейін инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатын бөлудің негізгі механизмі болып мемлекеттік бағдарламалар болып табылды. Олардың ішіндегі ең ауқымдылары:

- Инфрақұрылымды дамытудың «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы;
- Тұрғын үй-коммуналдық дамудың «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы.

Алайда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Жолдауында көптеген көрсеткіштер мен индикаторлары бар мемлекеттік бағдарламаларды тоқтатуы туралы жариялады және оның орнына қысқа Ұлттық жобалар форматына көшуді бұйырды, сол себепті қазіргі уақытта инфрақұрылымды дамыту бойынша «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасы жұмыс істейді [5].

Қазіргі уақытта инфрақұрылымды дамытуға бюджет қаражатының елеулі сомасы бөлінгендіктен, елдің инфрақұрылымдық дамуына бағытталған қаражатты пайдалану тиімділігін арттыру қажет болып табылады. Сондықтан бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға кедергі келтіретін мәселелерді шешу жолдарын әзірлеу қажет.

Инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін Жоғары аудиторлық палата «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларына тиімділік аудитін жүргізді. Мақалада осы мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына Жоғары аудиторлық палата жүргізген тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша негізгі проблемаларды анықтап, шешу жолдары ұсынылады.

Соның негізінде Ұлттық жобаның іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу жүйесін кешенді жетілдіру моделі әзірленеді, себебі қазіргі уақытта инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражаты «Күшті өңірлер – елдің драйвері» Ұлттық жоба шеңберінде жұмсалады.

Берілген мақалада Жоғары аудиторлық палатаның келесі материалдары зерттелді:

- 2018 жылдың 19 сәуіріндегі Инфрақұрылымдық дамытуға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жүзеге асырылған іс-шараларға мемлекеттік аудиттің аудиттік қорытындысы;

- Инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына жүргізілген мемлекеттік аудит қорытындысы (Міндет 1. Қазақстанның заманауи көліктік инфрақұрылымын қалыптастыру, сондай-ақ оның халықаралық көліктік жүйеге интеграциялау);

- «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасының іске асырылу тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудиттің қорытындылары бойынша аудиторлық қорытынды.

Алайда, елімізде инфрақұрылымды дамыту бойынша бағдарламалардың жүзеге асырылуына қарамастан инфрақұрылым төменгі деңгейде.

Бұл инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына жүргізілетін тиімділік аудитінің өзектілігін көрсетеді.

*Мақсаттары мен міндеттер.* Мақаланың мақсаты инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына жүргізілетін тиімділік аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылады:

- Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың әдістемелік базасы бойынша кемшіліктерді қарастыру;
- Тиімділік аудиті жүзеге асырылғанда практика жүзінде кездесетін кемшіліктерді қарастыру;
- Анықталған кемшіліктерді жою негізінде инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына жүргізілетін тиімділік аудитін жетілдіру моделін құру.

*Зерттеу әдістері.* Зерттеу әдістері ретінде теоретикалық анализ, ғылыми абстракция, индукция және модельдеу әдістері пайдаланылды.

**Әдебиеттік шолу.** Инфрақұрылым термині 1940 жылдардың соңында әскери лексиконнан экономикалық лексиконға көшіріледі. 80-ші жылдардың басынан бастап экономистер инфрақұрылымға инвестиция салу қандай экономикалық әсер әкелетінін анықтауға тырысады. Инфрақұрылымның экономикадағы рөлі, оның дамуының елдің экономикасының өсуіне әсері туралы Д.А. Асчауэр [6], Нильс Хансен, Федоров В.Н. [7], Рэндалл У. Эбертс [8] сияқты шет ел авторлары еңбектерін арнаған. Отандық авторларымыз да еңбектерінде еліміздің инфрақұрылым деңгейін төмен екендігін, басым мақсаттардың бірі екенін атап өткен болатын [9,10].

Көптеген авторлардың еңбектерінде инфрақұрылымды дамыту, оның экономикаға әсері бойынша мәселелер қозғаса, инфрақұрылымға бөлінген қаражаттың қаншалықты тиімді пайдаланылатыны, оның экономикалық қайтарымы туралы еңбектер аз.

Сонымен қатар, инфрақұрылымдық дамуға бөлінген бюджет қаражатына тиімділік аудитін жүргізу терең зерттелмеген.

Тиімділік аудитін зерттеуге және дамытуға ең көп үлес қосқан шетелдік ғалымдар қатарына мыналарды жатқызуға болады: П. Барретта, К. Поллита, М. Барзелей, М. Маккрей және Х. Вада, У. Фьюнел және К. Купер, Дж. Гутри және Л. Паркер, В. Аникина, В. Жуков және Е. Синева, Е. Иванова, С.Н. Коваленко, Д.А.Ситенко. Отандық авторлардан А. Зейнелғабдинді О. Өксікбаевты, З. Загоскинаны, Л.М. Сембиеваны, Б.А. Алибекованы, Л.З. Бейсенованы және т.б. атап өтуге болады [11].

Шетелдік және отандық ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, инфрақұрылым елдің экономикасының дамуына әсері зор екенін және өзара байланысты екеніне көз жеткізуімізге болады.

**Негізгі бөлім.** Жоғары аудиторлық палата «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларына жүргізген тиімділік аудиті бойынша жасалған аудиторлық қорытындыларды талдау нәтижелері бойынша анықталған проблемаларды әдістемелік және практикалық деп бөлуге болады.

**Әдістемелік.** *Әдістемеге деген сұраныстың төмендігі және аудиторлар мен әдіскерлер арасындағы әлсіз кері байланыс.*

Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың әдістемелік базасын әзірлеу және жетілдіру бойынша жұмыс қазіргі уақытқа дейін жалғасуда. Алайда, әдістемелік құжаттардың сапасын арттыру бойынша жұмыстар әлі жүргізілуіне қарамастан, әдістеменің қажеттілігі мен оны аудит жүргізу кезінде пайдалану ыңғайлылығы туралы тағы бір мәселе туындайды.

2018 жылдың басында мемлекеттік аудиторлардың әдістемеге деген сұранысын және қолданылу ыңғайлығын анықтау үшін талдау жүргізілді. Мемлекеттік аудиторлар тек Сыртқы мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау жүргізу қағидаларын басшылыққа алды және іс жүзінде процедуралық стандарттар мен басқа да әдістемелік құжаттарды пайдаланбағаны анықталды. Бұл әдістемені құруда бірыңғай тәсілдің болмауына, әдістемелік құжаттардың көлеміне, күрделілігіне және теориялануына байланысты болды. Сол кезден бастап әдістемені жетілдіруде айтарлықтай жұмыс жасалды.

Ең алдымен, бірыңғай құрылым құрылды, оған сәйкес Ережелер тек аудиторлық іс-шаралардың ұйымдастырушылық аспектілерін реттейді және аудит жүргізу әдістерін қозғамайды. Аудит жүргізу әдістеріне базалық тәсілдер аудит түрлері бойынша тиісті рәсімдік стандарттарда көрсетіледі. Аудит нысанына байланысты аудиторлық іс-шаралардың ерекшеліктері тиісті әдістемелерде көрсетіледі. Осы тәсілді қабылдаудың арқасында нормалардың қайталануын болдырмауға және әдістемелік құжаттардың көлемін едәуір азайтуға мүмкіндік туды. Бүгінгі күні қабылданған әдістемелік құжаттардың басым бөлігі қайта қаралды, жаңа құжаттар қабылданған тәсілге сәйкес әзірленуде.

Осы компонент бойынша оң көрініске қарамастан, аудиторлардың әдістемеге деген сұранысы артып оны қолданудың кеңеюі әлі белгісіз [12].

Мұны анықтаудың ең жақсы құралдары әдіснаманы қолдану тұрғысынан аудиторлық есептерге талдау жүргізу және аудиторларға сауалнама жүргізу болып табылады. Жалпы, аудиторлар мен әдіскерлер арасындағы кері байланыс жүйесін күшейту керек, бүгінгі күнде оны жоқ десе де болады.

Әдістеменің сұранысын арттыру үшін әдістемелік құжаттардың сапасын арттырумен қатар, оны практикада қолданудың ыңғайлылығын қамтамасыз ету қажет. Жоғары аудиторлық палатаның нормативтік қаулыларымен бекітілетін әдіснамалық құжаттар (рәсімдік стандарттар) «Әділет» ақпараттық-құқықтық базасында орналастырылады. Бұл құқықтық жүйенің функционалдығы құжаттың жаңартылған редакциясын пайдалануға, енгізілген барлық өзгерістерді көруге, қолдануға қажетті жеке ережелерді оңай табуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Жоғары аудиторлық палата Төрағасының бұйрығымен бекітілетін әдістемелік құжаттар (әдіснамалық нұсқаулықтар, әдістемелер) «Әділет» АҚБ-да орналастырылуға жатпайды және Жоғары аудиторлық палатасының Регламентіне сәйкес ИАЖ ЖАП-да (ішкі ақпараттық жүйе) орналастырылады.

ИАЖ ЖАП-да әдістемелік құжат бастапқы редакцияда орналастырылады, кейіннен енгізілетін өзгерістердің мәтіні орналастырылады. Бүгінгі таңда әдістемелік құжаттың жаңартылған редакциясы қалыптаспайды, құжаттың өзгеру тарихын қадағалауға мүмкіндік жоқ. Бұл проблема жыл сайын әдістемелік құжаттардың саны артып келе жатқандығымен және оларға жыл сайын айтарлықтай өзгерістер енгізілетіндігімен күрделене түседі. Әдіснамалық құжатпен жұмыс істеу мүмкіндіктері, мысалы, жекелеген ережелерді іздеу және т.б. («Әділет» АҚБ сияқты) ИАЖ ЖАП-да қарастырылмаған. Мұның бәрі Жоғары аудиторлық палата аудиторларын, сондай-ақ Тексеру комиссияларын мемлекеттік аудиттің әдіснамалық базасын пайдаланудың қолайсыздығына әкеледі. Сондықтан ИАЖ ЖАП-ны модернизациялау және әдіснаманы қолдануда ыңғайлы және түсінікті ету қажет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асырылуына тиімділік аудит жүргізу бойынша әдістемелік басшылық пен әдіснаманың болмауын және Инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділігін бағалау және аудит жөніндегі Әдістеменің жоқтығын атап кеткен жөн. Бұл инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділігіне сапалы аудит жүргізу үшін кедергі келтіреді.

АҚШ, Канада, Ресей Федерациясы сияқты елдердің шетелдік тәжірибесі мемлекеттік бағдарламаларға/ұлттық жобаға тиімділік аудит жүргізу бойынша жеке әдістемелік нұсқаулықты қолданудың орындылығын көрсетеді. Сонымен қатар, экономиканың әр саласына тиімділік аудитін жүргізу бойынша жеке әдіснама әзірлеу аудиторлардың жұмысын оңтайландырады десе болады [13].

Жоғарыда айтылғандар бойынша, келесілерді ұсына аламыз:

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асырылуына тиімділік аудит жүргізу бойынша әдістемелік басшылық әзірлеу;
- Инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділігін бағалау және аудит жүргізу бойынша әдістеме әзірлеу.

**Практикалық.** Мемлекеттік бағдарламалардың сапасыз әзірленуіне байланысты мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу қиындықтары.

Мемлекеттік бағдарламалардың сапасыз әзірлемелерінің нәтижесінде бюджеттің бағдарламалық-нысаналы бағдары толық көлемде қамтамасыз етілмеді, инфрақұрылымды дамытуда елеулі мультипликативтік әсерге қол жеткізілмеді.

Жүргізілген талдауларға сүйенсек, аудиторларға инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражатының тиімділігіне сапалы аудит жүргізуге мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу кезеңінде жол берілген бірқатар кемшіліктер кедергі келтіретінін көрсетті.

Мысалы, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі келесі қағидаттарға негізделеді:

- 1) ішкі теңгерімділік;
- 2) тиімділік;
- 3) адамға бағдарлану;
- 4) мемлекеттік жоспарлау процесіне қатысушылардың жауапкершілігі;
- 5) айқындық (ашықтық);
- 6) шынайылық;
- 7) үздіксіздік, сабақтастық және дәйектілік [14].

Алайда, аудит қорытындылары мен бағалаулары мемлекеттік бағдарламалардың сапасыз жоспарланғанын атап өтті, бұл мемлекеттік жоспарлау жүйесі қағидаттарының сақталмағанын



көрсетеді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесі қағидаттарының сақталмауын көрсететін фактілер төменде көрсетілген [15].

*Ішкі теңгерімділік.* Міндеттердің, тікелей нәтижелер көрсеткіштерінің, бағдарламалық құжаттар арасындағы іс-шаралардың қайталану фактілері осы қағидаттың сақталмағанын көрсетеді.

*Тиімділік.* Мемлекеттік бағдарламаларды бағалау орташа әлеуметтік-экономикалық әсерді көрсетеді. Бағдарламаның қайтарымы орташа деңгейде қалды.


*Адамға бағдарлану.* Көрсеткіштерге, міндеттер мен индикаторларға қол жеткізгеніне, тіпті асыра орындауына қарамастан, өмір сүру сапасын жақсартуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған түпкі мақсатқа қол жеткізілмеді.

*Мемлекеттік жоспарлау процесіне қатысушылардың жауапкершілігі.* Министрліктер, мемлекеттік органдар және ЖАО тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі туралы аудиторлық қорытындыларда атап өтілді.

*Ашықтық.* Ашықтық пен айқындылық қағидаты сақталмайды, әзірлеушілер мен тұрғындармен байланыс жоқ.

*Шынайылық.* Қаржыландыру көлеміне жиі өзгерістер енгізу және бағдарламалардың мақсаттары мен міндеттерін түзету фактілері орын алды.

*Үздіксіздік, сабақтастық және жүйелілік.* Жоғары тұрған құжаттардың нысаналы индикаторларының декомпозициясының болмауы.



1-сурет. Ұлттық жобаның іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу жүйесін жетілдіру\*

\* [12,15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Бағдарламалық құжаттар шеңберінде инфрақұрылымдық дамуға бағытталған бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қағидаттары сақталған кезде, келісілген жоспарлы көрсеткіштер кезінде және орталық және жергілікті деңгейлерде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан іс-шаралардың орындалуын жоғары деңгейде бақылау мен мониторингті жүзеге асырған кезде ғана объективті болады. Осының негізінде 1-суреттегі модельді ұсына аламыз.

Бекітілген бағдарламалық құжаттың жобасын алдын-ала бағалау керек. Яғни:

- мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қағидаттарын сақталуына;
- жоғары тұрған құжаттардың нысаналы индикаторларына қол жеткізуге бағдарлануына;
- нысаналы индикаторлардың, мақсаттар мен міндеттердің, көрсеткіштердің логикалық өзара байланысын сақтауына, сондай-ақ олардың басқа бағдарламалық құжаттармен қайталануын болдырмауына;
- мемлекет қызметі саласында алдын ала SWOT-талдаудың болуы;

- барлық ресурстарды орынды бөлу: қаржылық, кадрлық, ұйымдастырушылық, құқықтық, зияткерлік;

- озық көрсеткіштер ескерілген және қазіргі заманғы әлемдік ғылыми-техникалық үрдістер пайдаланылған болжамды сценарийдің болуы;

- бағдарламаның жүйелік құрылымы (синергетикалық әсерді қолдану).

Жоғары аудиторлық палатаның аудиторлық қорытындылары мен бағалауларын талдау мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысында жол берілетін мынадай бұзушылықтарды көрсетті:

- бюджет заңнамасын, Мемлекеттік сатып алу туралы заңды және басқа да НҚА бұзушылықтар;

- әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасыз құрылысты қаржыландыру фактілері;

- мемлекеттік органдар тарапынан тиісті бақылаудың болмауы;

- әзірленген жобалау-сметалық құжаттамасыз құрылысты қаржыландыру фактілері.

Мемлекеттік бағдарлама/ұлттық жоба бекітілгеннен кейін бағдарламалық құжатты іске асырудың әр кезеңінде тиімділік аудитін жүргізу, кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталған жағдайда, түзетулер мен кемшіліктерді тез арада жоюға болады, бұл бюджет қаражаты мен тәуекелдерді тиімсіз пайдалану ықтималдығын азайтады.

Жоғарыда келтірілген мәселелерді қорытындылай келе, Ұлттық жоба(қазіргі таңда) жобасына сараптама жүргізудің орындылығы және іске асырудың әр кезеңінде тиімділік аудитін жүргізу туралы қорытынды жасауға болады, өйткені түпкілікті мақсаттарға қол жеткізбеу көбінесе мақсаттардың дұрыс тұжырымдалмауымен және мемлекеттік жоспарлау жүйесімен байланысты болмауымен байланысты.

Қазіргі уақытта Жоғары аудиторлық палатада үш аудит департаменті жұмыс істейді, оның бәрі секторлардан тұрады:

- Экономиканың нақты секторына аудит жүргізу департаменті;

- Мемлекеттік басқаруға аудит жүргізу департаменті;

- Әлеуметтік салаға және құқықтық тәртіпке аудит жүргізу департаменті.

Мемлекеттік басқаруға аудит жүргізу департаментінің негізгі бағыты халықтың өмір сүру жағдайы сапасының серпінді өсуі мен елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ұлттық ресурстардың (қаржылық, табиғи, өндірістік, кадрлық, ақпараттық) тиімді және заңды басқарылуын талдау, бағалау және тексеру болып табылады.

Мемлекеттік басқаруға аудит жүргізу департаментіне келесі секторды құруды ұсынамыз:

- Ұлттық жобаларды бағалау, мониторингілеу және бақылау.

Бұл инфрақұрылымдық даму үшін жағдай жасайтын Ұлттық жобаны іске асырылуының тиімділігін арттыра алады.

**Қорытынды.** Инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджет қаражатының елеулі көлемі Ұлттық жобаларға бөлінетінін және нәтиже жобаның сапалы іске асырылуына байланысты екенін ескере отырып, Ұлттық жобалардың іске асырылуына тиімділік аудитін жүргізу жүйесін жетілдіру қажеттілігі туралы қорытынды жасауға болады. Анықталған проблемалар мен оларды шешу негізінде келесіні ұсынамыз.

Ұлттық жобаларды бағалау, мониторингілеу және бақылау секторы Ұлттық жобаның бекітілмей тұрып жобасын бағалап, Мемлекеттік жоспарлау жүйесі қағидаттарын сақталуын, индикаторлар, көрсеткіштер басқа құжаттарда қайталанбайтынын тексереді. Содан кейін Ұлттық жоба бекітілгеннен кейін жүзеге асырылуының әр сатысында аудит жүргізіледі, кемшіліктер немесе бюджет қаражатын дұрыс пайдаланбау тәуекелдері пайда болғанда дер кезінде жойып, түзетулер енгізіледі. Бұл Ұлттық жоба шеңберінде пайдаланылатын бюджет қаражатын мүмкіндігінше тиімді жұмсалыуына, шығындарды азайтуға әрекет етеді, Ұлттық жобаның қайтарымы жоғарылайды. Нәтижесінде «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» Ұлттық жобасының тиімді жүзеге асырылуынан еліміздің инфраструктуралық дамуы жоғарылайды.

Яғни инфрақұрылымды дамытуға бағытталған бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына тиімділік аудитін бағдарлама жүзеге асырылып қаражат жұмсалғаннан кейін емес, керісінше қаражат тиімді пайдалануын қадағалау үшін жүргізу қажет.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстанның инфрақұрылымдық даму мақсатына бюджет қаражатының пайдалануға талдау жасай отырып, оның тиімділігіне аудит жүргізуге әдіснамалық тәсілдерді зерттеу

[Электронды ресурс] // «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС. – 2021. – Б. 97. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/documents/details/235525?lang=ru>.

2. Ланцов А.Е. Инфраструктура: понятие, виды и значение // Экономика, Статистика и Информатика. – 2013. – №3. – С. 49.

3. «Қазақстан-2030» Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – URL: [https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_).

4. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – 2012 жылғы 14 желтоқсан. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.

5. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі. Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020>.

6. Aschauer D.A. Is Public Expenditure Productive? // Journal of Monetary Economics. – 1989. – №23. – P. 177-200.

7. Федоров В.Н. Социально-экономический потенциал инфраструктуры: содержание, оценка и анализ развития. – Ульяновск, 2000. – 195 с.

8. Randall W. Eberts. Public infrastructure and regional economic development. Economic Review. Federal Reserve Bank of Cleveland. – 1990. – Vol. 26. – №. 1.

